

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 15 шілде N 1114.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1996 жылы 18 қазанда Москва қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Теміржол көлігі кәсіпорындарының мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы

темір жол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқылық реттеудің ерекшеліктері туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 3, 24-құжат)
(1999 жылғы 23 сәуірде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 84 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі бұдан былай Жақтар деп аталады, мыналарға байланысты:

1992 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы темір жол көлігінің қызметін реттеу туралы Келісімге.

1992 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастық принциптер мен қарым-қатынастар шарттары туралы Келісімге.

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының экономикалық ынтымақтастығын бұдан әрі түбегейлендіру мен интеграциялау туралы Шартты,

1995 жылғы 20 қаңтардағы кедендік одақ туралы Келісімге,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы темір жолдардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында төмендегілер туралы осы келісімге қол қойды:

1-бап

Тараптар бір Тарап мемлекетінің темір жолдарының құрамына кіретін, бірақ екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан темір жол көлігінің мүлкі бірінші Тарап мемлекетінің меншігі екендігін мойындайды. Мүлкіне қатысты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының меншік құқығы танылатын темір жол учаскелерінің тізбесі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшада келтірілген.

Темір жол көлігінің көрсетілген мүлкін Тараптар тең бағалы деп таниды. Бұл ретте көрсетілген мүліктің нарықтық құнын бағалау жүргізілмейді және меншік құқығының ауысуына байланысты өтемақы жүргізілмейді.

Темір жол көлігінің көрсетілген мүлкі үшінші тұлғалардың кез келген құқығынан бос болатынына Тараптар кепілдік береді.

Осы Келісімнің мақсаттары үшін "темір жол көлігінің мүлкі" деп Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы темір жолдарының құрамына кіретін учаскелерде орналасқан, қызметтер көрсетуді, оның ішінде жолаушылар мен жүктердің тасымалын, жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға өзге де қызметтерді қамтамасыз ететін, сондай-ақ теміржолшыларға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтер көрсететін кәсіпорындар, сондай-ақ жекелеген мүлік объектілері ұғынылады.

Осы баптың бірінші абзацында көрсетілген темір жол көлігі мүлкінің тізбелерін осы Келісімнің іске асырылуына жауапты құзыретті органдар жасайды және бекітеді.

Осы Келісімнің іске асырылуына жауапты құзыретті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасында — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті;

Ресей Федерациясында - Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі федеральдық агенттік.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 23.11.2010 № 355-IV Заңымен.

2-бап

Темір жол көлігінің жаңадан салынған объектілері мен жаңадан сатып алынған жылжымалы мүліктері қаржысына салынған немесе сатып алынған мемлекеттің меншігі болып табылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2010 № 355-IV Заңымен.

3-бап

Осы Келісімнің қолданылу кезеңінде темір жолдар мен станцияларға (бөлінген алапты қоса алғанда), құрылыстарға, ғимараттарға, қорғағыш және нығайтқыш екіпелерге және темір жол көлігі мүлкінің өзге объектілеріне бөлінген жерлер (бұдан әрі - темір жол көлігінің жерлері деп аталады) жер қатынастары саласындағы тиісті уәкілетті органның не жер учаскесі меншік иесінің хабарламасымен жер учаскесі меншік иесінің келісімінсіз оларды қосалқы жалға беру құқығымен мемлекет меншігінде темір жол көлігінің тиісті мүлігі бар екінші Тарап мемлекетінің жалдауында болады.

Осы Келісім бойынша мемлекеттердің бір Тарап берген темір жол көлігінің жерлеріне жалдау ақысы екінші Тараптың темір жол көлігі жерлерін қарсы жалға беруі болып табылады. Бұл ретте екі Тарап мемлекеттерінің темір жол көлігінің жері үшін жалға алу ақысының мөлшері бірдей деп танылады.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 23.11.2010 № 355-IV Заңымен.

4-бап

Жер салығы аумағында темір жол көлігінің жерлері орналасқан мемлекеттік заңдарына сай белгіленеді.

5-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының, сондай-ақ Ресей Федерациясының темір жолдарының кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру мен жою Жақтардың немесе Жақтармен жарияланып, олармен өкілеттенген мемлекет органдарының келісімі бойынша солар орналасқан аумақтағы мемлекеттің заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қызметін қаржыландыру солар енетін темір жолдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6-бап

Осы Келісімнің қызмет аясына қатысты темір жол учаскелері бойынша жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға темір жол тарифтерін қолдану тәртібі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын N 2 Қосымшада келтіріледі.

7-бап

Кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдар қызметкерлерінің еңбегі мен еңбекақысының мәселелері осы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар құрамына кіретін темір жолдардың мемлекеттік заңдарына сәйкес реттеледі.

Аталмыш кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері мен еңбек ардагерлеріне осы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істеген қызметкерлерге өздері тұратын аумақтағы мемлекеттік азаматтары үшін белгіленген барлық әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдемелер жарамды.

8-бап

Осы Келісімнің қызмет аясына қатысты кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда сақтандыру қызметі өздері орналасқан аумақтағы мемлекеттің заңдарына сәйкес белгіленген тәртіпте жүзеге асырылуы мүмкін.

9-бап

Бір жақ мемлекетінің аумағынан сол мемлекеттің аумағына, бір Жақ мемлекетінің аумағынан екінші Жақ мемлекетінің аумағында орналасқан темір жол учаскелері бойынша және сол темір жол шеңберінде екінші Жақ мемлекетінің аумағына тасымалданатын жолаушылар мен жүкке байланысты мемлекет шекарасының өту кезінде еріп жүретін күзет қызметтерінің қарулы нарядтарын, жолаушы пойыздарына еріп жүретін милиция нарядтарын және жолаушы жүк пойыздарына еріп жүретін әскери нарядтарын (қарауылдарын) , сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің орталық (ұлттық) банктерінің арнайы жүктерді алып жүретін инкассаторларын өткізу Жақтардың тиісті органдарымен алдын ала мәлімдей отырып, құзырлы органдармен қаруға берілетін құжаттарды ұсыну бойына кедергісіз жүзеге асырылады.

Күзет қызметтерінің, оның ішінде ведомстволық күзеттің қызметкерлері, Тарап мемлекеттерінің орталық (ұлттық) банктерінің инкассаторлары, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі әскери нарядтардың (қарауылдардың) әскери қызметшілері және милиция қызметкерлері жолаушылар мен жүкке еріп жүруге байланысты қызметтік міндеттерін атқару кезінде поезд жүріп өтетін аумақ бойынша сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес жолаушылар мен темір жол персоналын қорғау, айдауылдағы адамдардың қашып кетуінің жолын кесу, тасымалданатын жүктерді сақтауды қамтамасыз ету және оларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, өзін-өзі қорғау мақсатында табельдік қаруын қолдануға құқығы бар.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.11.2010 № 355-IV Заңымен.

9-1-бап

Темір жол учаскелерінің инфрақұрылымына, жылжымалы құрамға қызмет көрсету және оларды жөндеу, техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және алдын алу үшін Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясының аумағына және Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасының аумағына өтетін тауарларды (

жұмсалатын материалдарды, қосалқы бөлшектерді, құрал-саймандарды, мүкәммалды, арнайы машиналар мен механизмдерді) және көлік құралдарын тасымалдауды шекаралық бақылау уәкілетті мемлекеттік органдардың лицензияларын, әкелуге немесе әкетуге рұқсаттарын және басқа рұқсаттарын ұсынбай (егер әкелу мен әкетуді шектеу экономикалық сипатта болса), сондай-ақ баж алымдары мен салықтарды өндіріп алмай жеңілдетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

Темір жол учаскелерінің инфрақұрылымы объектілерін, жылжымалы құрамды жөндеу, қайта жаңарту, төтенше жағдайларды жою және алдын алу үшін пайдаланылған, бірақ көрсетілген мақсаттарда жұмсалмаған тауарлар (материалдар, қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар, мүкәммал, арнайы машиналар мен механизмдер), сондай-ақ көлік құралдары қай мемлекеттің аумағынан әкелінсе, көрсетілген жұмыстар аяқталғаннан кейін олар сол мемлекеттің аумағына қайтарылуы тиіс. Темір жол учаскелерінің инфрақұрылымын және жылжымалы құрамды жөндеу нәтижесінде пайда болған қалдықтар (жөнделетін объектілерден алынған мүлік, материалдар, оның ішінде рельс-шпалдық тор) осы учаске темір жол құрамына кіретін мемлекеттің аумағына тасымалдануы тиіс.

Екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан бір Тарап мемлекетінің темір жол учаскелеріндегі техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және оның алдын алу үшін жолды, темір жол көлігі инфрақұрылымының өзге объектілерін, жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі және темір жол қатынасындағы өзге кедергілерді жою жөніндегі жұмыстармен айналысатын персонал қатарындағы адамдардың осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіруі жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсеткен кезде визасыз режимде жүзеге асырылады.

Көрсетілген персонал құрамына кіретін және визасыз кіру режимін пайдаланатын адамдардың тізбесі тиісті темір жол учаскелерін пайдаланатын темір жол көлігі ұйымдары жасайтын тізімдер негізінде анықталады.

Тізімдердің нысаны мен мазмұнын, оларды екінші Тарап мемлекетінің уәкілетті органдарымен келісу тәртібін, сондай-ақ мұндай қызметкерлер санаттарының тізбесін және олардың екінші Тарап мемлекетінің аумағында болу шарттарын Тараптардың уәкілетті органдары белгілейді.

Ескерту. Келісім 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 23.11.2010 № 355-IV Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 71-VI Заңымен.

9-2-бап

Осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген темір жол объектілерін, сондай-ақ темір жол учаскелерінде тасымалданатын жүктерді қорғау жөніндегі күзет қызметін тиісті учаске немесе объект мемлекетінің темір жол құрамына кіретін Тараптың таңдауы бойынша күзет қызметінің бөлімшелері жүзеге асырады.

Бір Тарап мемлекетінің осы Тарап темір жол объектілерін күзету үшін таңдап алған күзет қызметтері күзет қызметіне лицензия алуға және оны осы Тараптың заңнамасына сәйкес екінші Тарап мемлекетінің аумағында, оның ішінде екі Тарап мемлекеттерінің азаматтарын жалдау құқығымен жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. Келісім 9-2-баппен толықтырылды - ҚР 23.11.2010 № 355-IV Заңымен.

9-3-бап

Ресей теміржолдарының құрамына кіретін, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, мүлкі Ресей Федерациясының меншігі болып табылатын учаскелердегі станцияларды ашу және жабу, сондай-ақ Ресей Федерациясына тиесілі және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан теміржол көлігі инфрақұрылымына ортақ пайдаланылмайтын теміржол жолдарының жалғасуы Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан теміржолдарының құрамына кіретін, Ресей Федерациясының аумағында орналасқан, мүлкі Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын учаскелердегі станцияларды ашу және жабу, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тиесілі және Ресей Федерациясының аумағында орналасқан теміржол көлігі инфрақұрылымына ортақ пайдаланылмайтын теміржол жолдарының жалғасуы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. Келісім 9-3-баппен толықтырылды – ҚР 13.06.2017 № 71-VI Заңымен.

9-4-бап

Қазақстан Республикасының аумағынан шығып, Ресей Федерациясының аумағы арқылы Ресей Федерациясының аумағында аялдамай Қазақстан Республикасына транзитпен келетін жолаушылар және жүк поездарының, сол сияқты Ресей Федерациясының аумағынан шығып Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қазақстан Республикасының аумағында аялдамай Ресей Федерациясына транзитпен келетін жолаушылар және жүк поездарының мемлекеттік шекара арқылы өтуі шекаралық бақылауды қоса бақылау рәсімдері жүргізілмей жүзеге асырылады.

Транзитпен өтетін жолаушылар немесе жүк поездары аялдаған жағдайда, шекаралық және өзге де бақылау түрлері тек кіретін және (немесе) шығатын тұлғаларға ғана қатысты жүзеге асырылады.

Ескерту. Келісім 9-4-баппен толықтырылды – ҚР 13.06.2017 № 71-VI Заңымен.

9-5-бап

Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы субъектілері (Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары, Ресей Федерациясында -

Ресей Федерациясы субъектілерінің атқарушы билік органдары) Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының теміржол учаскелері және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскелері бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру үшін Тараптардың теміржолдарында қолданыстағы шарттарды ескере отырып:

шығыстары Тараптар мемлекеттерінің тиісті шекара маңы субъектілерінің бюджеті есебінен субсидиялауға жататын теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс өткізу қағидаларын;

теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидаларын;

теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылар шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді.

Ескерту. Келісім 9-5-баппен толықтырылды – ҚР 13.06.2017 № 71-VI Заңымен.

10-бап

Әскери күзет атқыштары мен милиция қызметкерлері жолаушылар мен жүкке еріп жүруге байланысты қызметтік міндеттерін атқару кезінде сол мемлекеттің заңдарына сәйкес жолаушылар мен темір жол персоналдарын қорғау, тасымалданатын жүктерді ұрланудан сақтауды және өзін-өзі қорғауды қамтамасыз ету мақсатында табельдік қаруын қолдануға құқығы бар.

11-бап

Осы Келісім жақтардың өзаралық келісімі бойынша жазбаша түрде өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

12-бап

Осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішінің процедуралары орындалғаны туралы жақтардың соңғы мәлімдеме жасаған күнінен бастап күшіне енеді және жақтардың біреуінің жазбаша түрде оның күшін тоқтататыны туралы ниетін мәлімдеген күннен бастап алты ай өткенге дейін пәрменді болады.

1996 жылғы 18 қазанда Москва қаласында, екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, әрі екі мәтіннің де күші бірдей болып жасалды. Осы Келісімді түсінуде өзгешеліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымшылық алатын болады.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Ресей Федерациясының

Мүлкіне қатысты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының меншік құқығы танылатын темір жол учаскелерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР 23.11.2010 № 355-IV Заңымен.

А. Ресей темір жолдарының құрамына кіретін, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, мүлкі Ресей Федерациясының меншігі болып табылатын учаскелер:

Привольжье темір жолы

Мемлекеттік шекара - Молодость разъезі - мемлекеттік шекара

(Верхний Баскунчак - Урбах желісі)

Мемлекеттік шекара - Жәнібек станциясы - мемлекеттік шекара

(Верхний Баскунчак - Урбах желісі)

Оңтүстік Орал темір жолы

Мемлекеттік шекара - Исян аялдама пункті - Еманкино аялдама пункті - мемлекеттік шекара

(Қарталы - Золотая Сопка желісі)

Мемлекеттік шекара - Орленок аялдама пункті - Петропавл станциясын қоса алғанда — Қарақоға станциясы - мемлекеттік шекара

(Қорған - Петропавл желісі)

Мемлекеттік шекара - Союзная станциясы - мемлекеттік шекара

(Разведка - Рудный Клад желісі)

Батыс Сібір темір жолы

Мемлекеттік шекара — Өрлітөбе басып озу пункті - Қызылтұз басып озу пункті - мемлекеттік шекара

(Ертіс - Қарасу желісі)

Б. Қазақстан темір жолдарының құрамына кіретін, Ресей Федерациясының аумағында орналасқан, мүлкі Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын учаскелер:

Мемлекеттік шекара - Уютный разъезі - Қосарал разъезі - мемлекеттік шекара

(Озинки - Илецк - Қандыағаш желісі)

Мемлекеттік шекара - Локоть станциясы

(Локоть - Семей желісі)

Локоть станциясы — Третьяково станциясы - мемлекеттік шекара

(Локоть - Защита желісі)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясы Үкіметі
арасындағы темір жол көлігі кәсіпорындарының,
мекемелерінің және ұйымдарының қызметін
реттеудің
ерекшелік құқығы жөніндегі
Келісімге N 2 Қосымша

Осы Келісімнің қызмет аясына қатысты темір жол учаскелері бойынша жолаушылар мен жүктерді тасу кезінде қолданылатын темір жол тарифтерінің тәртібі

Ресей Федерациясының өз ішінде және Қазақстан Республикасының өз ішінде жолаушылар мен жүктерді транзитпен тасымалдауы кезінде құрамына осы учаскелер енетін темір жолдың тарифтері N 1 қосымшаға сәйкес қолданылатын болады.

Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ресейлік темір жол стансаларына бағытталған, және кері қарай, және Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстанның темір жолы стансаларынан Ресей темір жол стансаларына және кері қарай бағытталған жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясының темір жолдарындағы пәрменді тарифтері қолданылады.

Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясының аумағында орналасқан қазақстандық темір жол стансаларына бағытталған, және кері қарай, және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ресейлік темір жол стансаларынан Қазақстанның темір жол стансаларына, және кері қарай бағытталған жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының темір жолдарындағы пәрменді тарифтер қолданылады.

Аталмыш тасымалдаулар үшін валюта төлемі жақтардың мемлекетінде пәрменді ережелерге сәйкес белгіленеді.

Осы Келісімнің N 1 Қосымшасында көрсетілген темір жол учаскелерінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде аумағында осы учаскелер орналасқан сол мемлекеттің ішкі тарифтері қолданылады. Бұл жағдайда тасымалдау үшін төлемдер аумағында тасымалдау орындалатын мемлекеттің валютасымен алынады.

Халықаралық қатынастарда жолаушылар мен жүктерді тасымалдауда пәрменді халықаралық Келісімдерге сәйкес белгіленген тарифтер қолданылады.